

Қарсы күрес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдердің тізбесін және Фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 наурызда № 20213 болып тіркелді.

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 6-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кірспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 10.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қарсы күрес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдердің тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;
- 2) Фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 19 наурыздағы

Қарсы күрес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын зиянды организмдердің тізбесі

Саяқ шегіртке тұқымдастар (тәлімі жер шегірткесі, кіші айқышты саяқ шегіртке, дала атшығы, Фишер саяқ шегірткесі, саяқ шегірткелер: атбасарлық, ақ жолақты, қанатсыз немесе жаяу, айқышты, сібірлік, далалық, қара қанатты, қара жолақты).

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2020 жылғы 19 наурыздағы
№ 100 бұйрығына
2-қосымша

Фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Фитосанитариялық іс-шаралар жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 6-1) тармақшасына, "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 10) тармақшасына сәйкес әзірленді және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 10.01.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аса қауіпті зиянды организмдер – оқтын-оқтын жаппай көбеюге және таралуға бейім, экономикалық, экологиялық залал келтіретін және "Өздеріне қатысты өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесін және аса қауіпті зиянды организмдер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-4/282 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11739 болып тіркелген) бекітілген аса қауіпті зиянды организмдер тізбесіне енгізілген зиянкестер мен өсімдіктер аурулары;

2) зиянды организмдер – топыраққа, өсімдікке және ауыл шаруашылығы өніміне теріс әсер ететін зиянкестер, арамшөптер және өсімдіктердің аурулары;

3) зиян тигізудің экономикалық шегі (бұдан әрі – ЗЭШ) – зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің өсімдік шаруашылығы өнімінің ысырабын тузызатын, фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуді қажет ететін саны;

4) пестицидтер – зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинде объектілер мен бөтен текті тұрларға, сақталатын ауыл шаруашылығы өнімінің зиянкестеріне қарсы күрес үшін, сондай-ақ тұқымдарды дәрілеу, егінді жинау алдында құрғатып алу, жапырақтарды түсіру және өсімдіктердің өсуін реттеу үшін пайдаланылатын химиялық және (немесе) биологиялық препараттар (инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, өнуге қарсы құралдар және өсімдіктердің өсуін реттеушілер, дефиолианттар, десиканттар);

5) өсімдіктерді қорғау саласындағы үәкілетті орган (бұдан әрі – үәкілетті орган) – өсімдіктерді қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттігі шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) өнім беруші – тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

7) фитосанитариялық болжам – фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуудің мерзімдері мен көлемдерін жоспарлау мақсатында зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің ықтимал таралуы мен дамуы дәрежесін алдын ала айқындау;

8) фитосанитариялық мониторинг – зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерді зерттеуді, байқауды, олардың дамуы мен таралуын есепке алуды, сондай-ақ осылардың негізінде фитосанитариялық болжам әзірлеуді қамтитын іс-шаралар жүйесі;

9) фитосанитариялық нормативтер – фитосанитариялық іс-шаралар көлемін анықтау үшін пайдаланылатын белгіленген шамалар параметрлері;

10) фитосанитариялық іс-шаралар – зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің саны ЗЭШ-төмен мен зиян тигізуін азайтуды қамтамасыз ететін шаралар кешені.

2-тарау. Фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Респубикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) алдыңғы жылы жүргізген жазғы-күзгі зерттеулер негізінде құрастыратын тиісті облыс (респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу көлемі бойынша фитосанитариялық болжамның деректері фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге арналған тиісті бюджеттік бағдарлама енгізуге негізгі өлшем болып табылады.

Фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізу көлемі бойынша фитосанитариялық болжам үшін қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалардың да (бұдан әрі – субъектілер) фитосанитариялық мониторингтің деректері ескеріледі.

4. Химиялық өндеуге жататын алаң ЗЭШ мәндеріне сәйкес айқындалады және Әдістемелік орталық деректер беретін негізде құралады:

саяқ шегіртке тұқымдастары үшін 1 шаршы метрге 8 және одан да көп дернәсіл;

зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер үшін "Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11913 болып тіркелген) сәйкес фитосанитариялық нормативтерді (бұдан әрі – фитосанитариялық нормативтер) құрайды.

5. Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер қоныстанған орындарды анықтау жөніндегі фитосанитариялық мониторингті зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуы кезеңінде Әдістемелік орталық тұрақты негізде жүзеге асырады.

6. Субъектілер өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және ЗЭШ-ден көп зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда үйірлі шегірткетектестер (азиялық, марокколық және итальяндық прус) және саяқ шегірткетектестерді қоспағанда, фитосанитариялық іс-шараларды жүргізеді.

7. Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы фитосанитариялық іс-шараларды жүргізууді үйірлі шегірткетектестер (азиялық, марокколық және итальяндық прус) және саяқ шегірткетектестерді қоспағанда субъектілер өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Субъектілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын фитосанитариялық іс-шаралар осы Қағидалардың 13 және 23-тармақшаларында көрсетілген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы фитосанитариялық іс-шараларды жүргізууді үйірлі шегірткетектестер (азиялық, марокколық және итальяндық прус) және саяқ шегірткетектестерді қоспағанда, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы фитосанитариялық іс-шаралар жүргізууді қамтиды.

9. Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы фитосанитариялық іс-шаралар Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтермен жүзеге асырылады.

10. Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің, қорғалатын дақылдың және (немесе) екпелердің даму фенологиясын есепке алу жөніндегі жүйелік байқаулар негізінде Әдістемелік орталық субъектілерді, жергілікті атқарушы органдарды және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері аумақтарға зерттеу жүргізу қажеттілігі және қорғау іс-шараларын жүргізу мерзімдері туралы жедел құлақтандыру (сигналдық хабарлау) жүргізеді.

11. Фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізуіне бақылауды уәкілетті органның ведомствасымен және (немесе) оның аумақтық инспекцияларымен жүзеге асырады.

11-1. Пестицидтерді тасымалдау, сақтау, қолдану және залалсыздандыру "Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 249 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32940 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-параграф. Саяқ шегірткетектестерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

12. Саны ЗЭШ-ден жоғары саяқ шегірткетектестерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізуді облыстардың (респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

13. Саяқ шегірткетектестерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шаралар пестицидтерді, оларды сақтау, тасымалдау, саны ЗЭШ-інен жоғары саяқ шегірткетектестер қоныстанған орындарды химиялық өндеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды облыс бюджетінде респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың тиісті қаржы жылына арналған бюджетінде көзделген қаражат есебінен және шегінде жергілікті алқалы орган бекіткен облыстық, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады.

14. Саяқ шегірткетектестерге қарсы күресті әр түрі бойынша жүргізуге арналған бюджет қаражаты Әдіstemelіk орталық беретін, облыстық (респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың) уәкілетті органның ведомствасының аумақтық инспекциясымен келісілген және жергілікті атқарушы орган бекітетін болжанып отырған өндеу көлемдері негізінде жоспарланады.

15. Пестицидтерді, оларды сақтау, тасымалдау, саны ЗЭШ-ден жоғары саяқ шегірткетектестердің қоныстану орындарын химиялық өндеу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жергілікті атқарушы органдар "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу туралы зан) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандығы № 687 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35238 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына (бұдан әрі – Мемлекеттік сатып алу қағидалары) сәйкес жүзеге асырады.

Пестицидтер, оларды сақтау, тасымалдау, саны ЗЭШ-ден жоғары саяқ шегірткетектестердің қоныстану орындарын химиялық өндеу жөніндегі қызметтер бір лотpen сатып алынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Өндегеуге жататын саны ЗЭШ-ден жоғары саяқ шегірткетектестердің тараулу алаңдарын Әдістемелік орталық уәкілдегі орган ведомствоның облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша айқындейды және келісілгеннен кейін 24 (жыныра төрт) сағат ішінде жергілікті атқарушы органдарға және жеткізушилерге координаттарын көрсете отырып ұсынады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Саяқ шегірткетектестердің қоныстану орындарын химиялық өндегеуді көрсетілетін қызметті жеткізушилер пестицидтерді қолдану регламентінің талаптарына сәйкес қоныстану орындарын авиациялық және (немесе) жерусті тәсілдерімен, өлшеу аспаптарымен (термометрмен, анемометрмен) жараптандырылған арнайы бүріккіш техникамен, GPS-трекермен және жұмыс ерітіндісінің тұрақты араластырылуын қамтамасыз ететін жабдықпен бүркү жолымен жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Саны ЗЭШ-ден жоғары саяқ шегірткетектестердің қоныстану орындарына химиялық өндегеу жүргізуге арналған арнайы техникаға қажеттілікті есептеу аяа райы-климаттық, географиялық жағдайлар мен жергілікті жер бедерін ескере отырып, күнтізбелік 23 (жыныра үш) күн ішінде мынадай өндіру нормасымен жүзеге асырылады:

аса жеңіл авиация кемелері бойынша – тәулігіне 800 гектар;
жеңіл авиация кемелері бойынша – тәулігіне 800 гектар;
пилотсыз авиациялық жүйелер бойынша – тәулігіне 50 гектар;

күштік қондырғысы бар аэрозоль генераторлары бойынша 180 ат күшіне дейін – тәулігіне 750 гектар;

күштік қондырғысы бар аэrozоль генераторлары бойынша 180 ат күшіне дейін – тәулігіне 300 гектар;

жерусті желдеткішті және штангалық бүріккіштер бойынша – тәулігіне 100 гектар;
барлық модификациядағы жерусті атомайзерлік, ультра аз көлемді бүріккіштер бойынша – тәулігіне 150 гектар;

аспалы бүріккіштер бойынша – тәулігіне 5 гектар.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Тиісті жылды саяқ шегірткетектестер ЗЭШ-ден жоғары мекендеген нақты алаң осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеу актілерімен расталады.

21. Зерттеу актісіне жергілікті атқарушы орган құрған мынадай құрамдағы комиссия (бұдан әрі – комиссия): комиссия төрағасы – жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы (немесе оның орынбасары), комиссия мүшелері – өсімдіктерді қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органның және субъектілердің мамандары зерттеу аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Бұл ретте босалқы жерлерді зерттеу кезінде комиссия құрамына Әдістемелік орталықтың өкілі және жер қатынастары саласындағы құрылымдық бөлімшениң жергілікті атқарушы органның өкілдері енгізіледі.

2-параграф. Үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы курес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу тәртібі

22. Үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру уәкілдегі органның ведомствасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберінде жүзеге асырады.

23. Үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы курес жөніндегі фитосанитариялық іс-шаралар:

1) саны ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы химиялық өндеу жүргізу үшін пестицидтер сатып алуды, сондай-ақ пестицидтер қорын қалыптастыруды, сактау мен жаңартып отыруды;

2) саны ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы пестицидтерді сактау мен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

3) саны ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестердің (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қоныстану орындарына химиялық өндеу жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қамтиды.

Пестицидтер, оларды сактау, тасымалдау, үйірлі шегірткетектестердің (азиялық, мароккалық және итальяндық прус) қоныстану орындарын химиялық өндеу жөніндегі қызметтер бір лотпен сатып алынады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы құресті әр түрі бойынша жүргізуге арналған бюджет қаражаты Әдістемелік орталық беретін, уәкілетті орган ведомствасының облыстық аумақтық инспекциясымен келісілген өндеге көлемдері негізінде жоспарланады.

25. ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестер (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қоныстанған алқаптарды химиялық өндеге жөніндегі пестицидтерді сатып алуды, сондай-ақ ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді сатып алуды және ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестер (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қоныстанған алқаптарды химиялық өндеге жүргізуді мемлекеттік сатып алу туралы Заңына және Мемлекеттік сатып алу қағидаларына сәйкес уәкілетті органның ведомствасы жүзеге асырады.

26. Саны ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестердің (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қоныстану орындарына химиялық өндеге арналған арнайы техникаға қажеттілікті есептеу аya райы-климаттық, географиялық жағдайлар мен жергілікті жер бедерін ескере отырып, күнтізбелік 23 (жиырма үш) күн ішінде техниканың 1 бірлігіне мынадай өндіру нормасымен жүзеге асырылады:

аса жеңіл авиация кемелері бойынша – тәулігіне 800 гектар;

жеңіл авиация кемелері бойынша – тәулігіне 800 гектар;

пилотсыз авиациялық жүйелер бойынша – тәулігіне 50 гектар;

күштік қондырғысы бар аэрозоль генераторлары бойынша 180 ат күшіне дейін – тәулігіне 750 гектар;

күштік қондырғысы бар аэрозоль генераторлары бойынша 180 ат күшіне дейін – тәулігіне 300 гектар;

жерусті желдеткішті және штангалық бүріккіштер бойынша – тәулігіне 100 гектар;

барлық модификациядағы жерусті атомайзерлік, ультра аз көлемді бүріккіштер бойынша – тәулігіне 150 гектар;

аспалы бүріккіштер бойынша – тәулігіне 5 гектар.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-1. Өндеге жататын саны ЗЭШ-ден жоғары үйірлі шегірткетектестердің (азиялық, мароккалық және итальяндық прус) таралу алаңдарын Әдістемелік орталық айқындауды және таралу алаңы анықталған кезден бастап 24 (жиырма төрт) сағат

ішінде уәкілетті орган ведомствоның облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумақтық бөлімшелеріне және жеткізушілерге координаттарын көрсете отырып, ұсынады.

Ескерту. 2-тарау 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Үйірлі шегірткетектестердің (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қоныстану орындарын химиялық өндөуді көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер фитосанитариялық нормативтерге және пестицидтерді қолдану регламентінің талаптарына сәйкес қоныстану орындарын авиациялық және (немесе) жерусті тәсілдерімен, өлшеу аспаптарымен (термометрмен, анемометрмен) жарақтандырылған арнайы бүріккіш техникамен, GPS-трекермен және жұмыс ерітіндісінің тұрақты араластырылуын қамтамасыз ететін жабдықпен бұрку жолымен жүзеге асырады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.03.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Үйірлі шегірткетектестерге (азиялық, марокколық және итальяндық прус) қарсы химиялық өндеу жүргізу жөніндегі алаңдар ЗЭШ мәндеріне сәйкес айқындалады және Әдістемелік орталық деректерінің негізінде жергілікті атқарушы орган келісіледі және уәкілетті органның ведомствасына ұсынылады.

Фитосанитариялық іс-шаралар
жүргізу қағидаларына
қосымша

Зерттеу актісі

20__ жылғы " __ " №_____

(акт жасалған орын)

Комиссиямен құрылған _____

— (кімнің шешімімен құрылғаны, шешімнің күні мен нөмірі көрсетілсін)
төмендегідей туралы осы актіні жасады:

Ауылдық округтің атауы	Зиянды организмнің атауы	Зерттелген алаң, гектар	Залалданған алаң, гектар		Өндөлөу тиіс, гектар
			барлығы	экономикалық зияндылық шегінен жоғары	
1	2	3	4	5	6
Барлығы					

Комиссия төрағасы _____
(қолы, (аты, экесінің аты (бар болса), тегі)

Комиссия мүшелері _____

(қолы, (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Жеке немесе занды тұлға/Өкіл* _____

(Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) тегі) немесе занды тұлғаның атауы)/(
қолы, (аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Ескертпе: * – босалқы жерлерді зерттеу кезінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесінің өкілі және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жер қатынастары саласындағы функцияны жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі қол қояды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК